



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2024 жылғы қаңтар

**2024 жылғы қаңтарда жылдық инфляция 9,5%-ды құрады (2023 жылғы желтоқсанда – 9,8%).** Азық-түлік тауарларының және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің бағасы жылдық мәнде тиісінше 8,2%-ға дейін (2023 жылғы желтоқсанда – 8,5%), 8,6%-ға дейін (2023 жылғы желтоқсанда – 9,1%) және 12,3%-ға дейін (2023 жылғы желтоқсанда – 12,4%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 15 өңірде бәсеңдеді, 3 өңірде жеделдеді және 2 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды (11,3%), Маңғыстау (10,6%), Атырау және Шығыс Қазақстан облыстарында (10,1%-дан) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 қаңтар – 2024 қаңтар), %-бен

Қарағанды	20,6	11,3	Қазақстан Республикасы	20,7	9,5
Маңғыстау	24,1	10,6	Солтүстік Қазақстан	21,7	9,5
Атырау	19,9	10,1	Жамбыл	20,2	9,1
Шығыс Қазақстан	20,8	10,1	Шымкент қ.	20,4	9,0
Ұлытау	20,9	10,0	Батыс Қазақстан	20,6	8,9
Алматы қ.	20,2	9,9	Қостанай	20,7	8,9
Жетісу	20,5	9,9	Павлодар	20,6	8,9
Ақмола	21,8	9,8	Астана қ.	23,8	8,8
Түркістан	21,1	9,7	Ақтөбе	20,7	8,6
Абай	21,0	9,6	Алматы	18,0	8,5
			Қызылорда	20,9	8,1

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден (8,2% ж/ж) жоғары Ұлытау (11,3%), Ақмола (9,5%) облыстарында, Алматы қаласында (9,3%), Шығыс Қазақстан (9,2%), Абай (9,1%), Жетісу (8,9%), Солтүстік Қазақстан (8,8%), Атырау және Маңғыстау (8,7%-дан), сондай-ақ Қарағанды (8,6%) облыстарында қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы елдегіден (8,6% ж/ж) жоғары Маңғыстау (12,9%), Қарағанды (10,4%), Батыс Қазақстан (9,2%) облыстарында, Шымкент қаласында және Ақмола (9,1%-дан) облысында, Жамбыл (9,0%), Түркістан және Шығыс Қазақстан (8,8%-дан) облыстарында өсті.

Жалпы республикалық деңгейден жоғары (12,3% ж/ж) **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы мына өңірлерде: Түркістан (17,3%), Қарағанды (15,7%), Атырау (15,3%), Жетісу (14,3%), Павлодар (14,2%), Ақтөбе (13,7%) облыстарында, Шымкент қаласында (13,4%), Шығыс Қазақстан (13,0%), Солтүстік Қазақстан (12,7%) және Абай (12,4%) облыстарында өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>8,2</b>	<b>8,6</b>	<b>12,3</b>
Ақмола	9,5	9,1	11,2
Ақтөбе	6,3	7,1	13,7
Алматы	8,1	8,0	9,9
Атырау	8,7	8,4	15,3
Батыс Қазақстан	8,2	9,2	10,0
Жамбыл	8,1	9,0	11,9
Қарағанды	8,6	10,4	15,7
Қостанай	7,4	8,6	11,2
Қызылорда	7,2	8,3	9,5
Маңғыстау	8,7	12,9	10,9
Павлодар	6,8	7,5	14,2
Солтүстік Қазақстан	8,8	8,0	12,7
Түркістан	6,9	8,8	17,3
Шығыс Қазақстан	9,2	8,8	13,0
Астана қ.	7,9	7,5	10,3
Алматы қ.	9,3	8,3	11,7
Шымкент қ.	5,9	9,1	13,4
Абай	9,1	8,0	12,4
Жетісу	8,9	7,9	14,3
Ұлытау	11,3	8,1	10,2

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы қаңтарда елдегі айлық инфляция **0,8%** болды, бұл тарихи орташа мәннен<sup>i</sup> (2017-2021 жылдардағы қаңтарда 0,6%) жоғары. Ай сайынғы инфляцияның ең жоғары мәні Атырау облысында (1,2%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы қаңтардағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы қаңтардағы орташа мәні	2024 жылғы қаңтар	Өңірлер	5 жылғы қаңтардағы орташа мәні	2024 жылғы қаңтар
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>0,6</b>	<b>0,8</b>	Маңғыстау	0,8	0,8
Атырау	0,7	1,2	Астана қ.	0,8	0,8
Шығыс Қазақстан	0,6	1,1	Павлодар	0,6	0,7
Абай	-	1,1	Түркістан	0,8	0,7
Ақтөбе	0,7	1,0	Ақмола	0,3	0,6
Қарағанды	0,6	1,0	Қостанай	0,5	0,6
Шымкент қ. <sup>ii</sup>	0,5	1,0	Солтүстік Қазақстан	0,5	0,6
Алматы	0,6	0,9	Алматы қ.	0,7	0,6
Жетісу	-	0,9	Қызылорда	0,5	0,5
Батыс Қазақстан	0,6	0,8	Ұлытау	-	0,5
Жамбыл	0,8	0,8			

<sup>i</sup> Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

<sup>ii</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән